



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

**КРЕДИТТЕУ ТУРАЛЫ  
БАНКТЕР  
АРАСЫНДА  
ЖҮРГІЗІЛГЕН  
САУАЛНАМА**

**2025 ЖЫЛҒЫ  
4-тоқсан**

# Кредиттеу туралы банктер арасында жүргізілген сауалнама

2025 жылғы 4-тоқсан

## Корпоративтік секторды кредиттеу

2025 жылдың 4-тоқсанның қорытындылары бойынша бизнес сегментінде несиеге жиынтық сұраныстың төмендеуі байқалды, бұл негізінен ірі және шағын кәсіпкерлік субъектілері сұранысының динамикасымен байланысты (1-сурет).

Ірі бизнес сегментіндегі жалпы көрсеткіштерге ірі банктердің біріндегі қарыз алушылар тарапынан сұраныстың азаюы әсер етті. Ірі бизнестің негізгі кредиторлары атап өткендей, банктер мен даму институттарының арасындағы неғұрлым нәтижелі өзара іс-әрекет құрудың ықтимал тәсілдерін талқылау жалғасуда. Банк секторының өкілдері жобалық қаржыландыруда даму институттарының әлеуетін атап өтеді, мұнда әлеуметтік және экономикалық әсері жоғары жекелеген ірі әрі ұзақ мерзімді жобаларды қолдау тәуекелдерді азайтып, қосымша жеке инвестицияларды тартуды ынталандыруы мүмкін. Бұл ретте қаржылық тұрғыдан тұрақты ірі кәсіпорындардың нарықтық шарттармен қаражат тартуға арналған құралдары мен мүмкіндіктері кеңірек. Сонымен қатар, банктердің пікірінше, қорландырудың ұзақ мерзімді базасын қалыптастыру мақсатында қолдау қаражатын банктердің балансында орналастыру ресурстарды неғұрлым тиімді бөлуге және ірі жобаларды несиелеуді кеңейтуге ықпал етуі мүмкін.

Банктер валюталық түсімі немесе хеджерлеу құралдары арқылы мұндай несиелерді тиімді өтеуге қабілетті клиенттер тарапынан валютадағы қарыздарға сұраныстың артқанын атап өтеді. Жалпы алғанда, банктер валюталық тәуекелдерді бағалауға ерекше назар аудара отырып, валюталық несиелеу әлеуетін оң бағалайды.

Жалпы, ірі бизнес өкілдерінен келіп түскен кредиттік өтінімдер саны тоқсаннан тоқсанға (т/т) 13%-ға, яғни 206-ға дейін төмендеді, ал өтінімдердің орташа мөлшері 13%-ға (т/т) 10,5 млрд теңгеге дейін азайды.

Орта және шағын бизнес субъектілері тарапынан сұраныс динамикасы клиенттер арасында жоғары сұранысқа ие болған кепілдендіру және қорландыру құралдары бойынша бұрын бөлінген лимиттердің белсенді игерілуін көрсетеді (1-сурет). Бұл ретте жекелеген банктер қолдау бағдарламаларын іске асыру кейбір жағдайларда операциялық ерекшеліктермен қатар жүретінін атап өтуде: талаптар мен шарттардың өзгеруі, қаражатты игеру мерзімдерінің қысқа болуы және қаражат бөлу мерзімдерінің белгісіздігі. Бұл факторлар кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметін жоспарлауына әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты, нақты мерзімдері, шарттары және өзара әрекеттесу тетіктері айқындалған, құрылымдалған және институционалдық тұрғыда құрылған бағдарламаларды

енгізу қолдау құралдарының мультипликативтік әсерін күшейтіп, даму институттары мен банктер секторы арасындағы тұрақты ынтымақтастықты қамтамасыз ете алады.

Банктердің бірқатары клиенттердің факторинг құралдарына қызығушылығының артуын да атап өтуде. Осыған байланысты қатысушылар тиісті өнімдерді іске қосу және жетілдіру бойынша жұмыс жүргізуде.

Шағын бизнес сегментінде сұраныстың едәуір төмендеуі ішінара банктердің әрекеттерімен байланысты болды. Мысалы, бір банк микро-кәсіпкерлерге арналған онлайн өнімді қайта қарау мақсатында тоқтатса, екіншісі сату арналарын онлайн өнімнен кепілзатты кредиттеу өніміне қайта бағыттады. Сонымен қатар, бір орташа банк қосымшасын техникалық жетілдіру мақсатында өтінім қабылдауды уақытша тоқтатса, басқа ірі банк клиенттік жолды оңтайландырып, өтінімдер ағынының конверсиясын арттырды, бұл түскен өтінімдер санының азаюына әсер етті.

Жалпы алғанда, орта бизнес бойынша несие өтінімдерінің саны 10%-ға (т/т) төмендеп, 4,8 мыңды құрады, ал өтінімдердің орташа мөлшері 14%-ға (т/т) азайып, 782 млн теңге болды. Шағын бизнес бойынша несие өтінімдердің жалпы саны 4%-ға (т/т) төмендеп, 955 мыңды құрады, ал өтінімдердің орташа мөлшері өзгеріссіз қалып, 28,0 млн теңге деңгейінде қалыптасты.

Ірі бизнес субъектілерінің өтінімдерін мақұлдау коэффициенті 12 п.п. артып, 65%-ды құрады, бұл негізінен бұрын келіп түскен өтінімдерді қарау және көп жағдайда қысқа мерзімді айналым қаражатын толықтыруға арналған қарыздарды қаржыландыру есебінен болды. Орта бизнес сегментінде мақұлдау үлесі 6 п.п. артып, 41%-ды құрады, бұл мемлекеттік қолдау бағдарламаларына қол жеткізу шеңберінде қарыз алушылар шеңберінің кеңеюімен түсіндіріледі. Шағын бизнес сегментінде мақұлдау үлесі бұрынғы деңгейде қалып, 36%-ды құрады.

Банктердің бағалауынша, 2026 жылдың 1-тоқсанында бизнес субъектілерінің сұранысы қазіргі динамиканы сақтауы мүмкін және ағымдағы экономикалық жағдай мен бірқалыпты қатаң ақша-кредит саясатына бейімделуді ескере отырып қалыптасады.

## Жеке тұлғаларды кредиттеу

2025 жылдың 4-тоқсанның қорытындылары бойынша ипотекалық қарыздар мен автокредиттерге сұраныс артты, ал кепілмен және кепілсіз берілетін тұтынушылық займдарға сұраныс төмендеді.

Есептік тоқсанда ипотекалық қарыздарға сұраныстың артуы ипотекалық кредиттеу сегментіндегі ірі банктің жеңілдетілген ипотекалық кредиттеу бағдарламасы бойынша өтінімдерді қабылдауды бастауымен байланысты. Бұдан бөлек, бірқатар ірі банктер нарықтық ипотекалық кредиттеу талаптарын қайта қарап, ипотекалық қарыздар беруді қайта жандандырды. Кредиттеудің қайта басталуы ипотекалық қарыздар бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің (бұдан әрі – ЖТСМ) 25%-дан 20%-ға дейін төмендету<sup>1</sup> мерзімінің 2026 жылғы 1 шілдеге дейін кейінге қалдырылуы аясында жүзеге асты. Нәтижесінде ипотекалық қарыздар бойынша өтінімдер саны 16%-ға (т/т) төмендеп, 241 мыңды құрады, ал олардың орташа мөлшері 2%-ға ұлғайып, 21,4 млн теңгені құрады.

Кепілмен берілетін тұтынушылық займдарға сұраныс 2025 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда шамалы төмендеді. Жекелеген орта банк осы сегментте өнімді әзірлеу және тестілеу жұмыстарын жалғастыруда, ал басқа банк осы сегменттегі портфель көлемін ұлғайту бойынша жұмыстар жүргізуде. Нәтижесінде осы өнім бойынша өтінімдер саны 1%-ға (т/т) артып, 102 мыңды құрады, ал өтінімдердің орташа мөлшері 2%-ға (т/т) ұлғайып, 12,2 млн теңгені құрады.

Кепілсіз тұтынушылық кредиттеу сегментіндегі сұраныс 2025 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда айтарлықтай төмендеді. Ірі банк осы сегменттегі сұраныстың төмендеуін бұрын қабылданған реттеуші шаралардың әсерімен байланыстырады, ал бірқатар орта банктер өз маркетингтік қызметінің уақытша тоқтатылуының әсерін атап өтті. Нәтижесінде өтінімдердің жалпы саны 5%-ға (т/т) төмендеп, 16,4 млн-ды құрады, ал өтінімдердің орташа мөлшері 11%-ға (т/т) төмендеп, 938 мың теңгені құрады.

2025 жылдың 4-тоқсанында автокредиттеу сегментіндегі сұраныстың өсуі автосалондардың жаңа жыл қарсаңында қоймадағы автокөліктер қорын өткізу мақсатында ынталандырушы акциялар өткізуі және бағаны төмендетуі аясында автомобиль нарығының жандануымен байланысты болды. Сонымен қатар, қайталама нарықта автокредиттеу

---

<sup>1</sup> Аталған норманың қолданылуы «Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшерлерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 16 тамыздағы № 62 және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 19 тамыздағы № 45 бірлескен қаулысының құрылымдық элементінің қолданылуын тоқтата тұру туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 83 және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 97 бірлескен қаулысына сәйкес 2026 жылғы 1 шілдеге дейін тоқтатыла тұрады.

жүзеге асыратын ірі банк осы сегментте сұраныстың төмендегенін атап өтті, бұл бастапқы нарық пайдасына сұраныстың қайта бөлінуімен түсіндіріледі. Нәтижесінде автокредиттер бойынша өтінімдер саны өткен тоқсанмен салыстырғанда 1%-ға (т/т) төмендеп, 1,51 млн-ды құрады, ал олардың орташа мөлшері 6%-ға (т/т) төмендеп, 6,5 млн теңгені құрады.

Мақұлдау коэффициенттері ипотекалық өнімдер бойынша 1 п.п. (т/т) төмендеп, 22%-ды құрады; автокредиттер бойынша 1 п.п. (т/т) төмендеп, 16%-ды құрады; кепілмен берілетін тұтынушылық займдар бойынша 1 п.п. (т/т) өсіп, 23%-ды құрады; кепілсіз займдар бойынша 1 п.п. (т/т) өсіп, 33%-ды құрады. Жалпы алғанда, мақұлдау коэффициенттерінде елеулі өзгерістер байқалмады. Сонымен бірге, банктердің көпшілігі кредиттік портфель сапасын арттыру және жұмыс істемейтін займдар үлесін төмендету мақсатында скорингтік модельдерді қайта қарау жұмыстарын жүргізуде.

2026 жылдың 1-тоқсанында банктер ипотекалық қарыздарға сұраныстың айтарлықтай артуын күтуде, ал бөлшек кредиттеудің басқа сегменттері бойынша сұраныстың төмендеуі болжануда (5-сурет). Банктер ипотекалық сұраныстың күтілетін өсуін нарықтық ипотекалық өнімдердің болмауы кезеңінде қалыптасқан кейінге қалдырылған сұраныспен, сондай-ақ жеңілдетілген ипотекалық бағдарлама шеңберінде берілген өтінімдерді өңдеу жоспарымен байланыстырады. Тұтынушылық займдарға сұраныстың төмендеуі бұрын қабылданған, тұтынушылық кредиттеудің өсу қарқынын тежеуге бағытталған реттеуші шаралардың кейінгі әсерімен түсіндіріледі, ал автокредиттеу сегментінде автомобиль нарығындағы белсенділіктің төмендеуі күтілуде. Кредиттеу талаптары бойынша банктер барлық сегменттерде кредиттеу шарттары 2025 жылғы 4-тоқсан деңгейінде сақталады деп болжап отыр.

## Зерттеу туралы жалпы ақпарат

Ұлттық Банк кредиттеу туралы сауалнаманы банктер арасында тоқсан сайын жүргізіп отырады. Бұл сауалнама кредит ресурстарына деген сұраныс пен ұсыныстағы өзгерістерді бағалау мақсатында ұйымдастырылады. Сауалнама банктің жалпы кредит саясатын қалыптастыруға және тәуекелдерді басқаруға жауапты банк басшыларына арналған. Зерттеу кезінде барлық банк сауалнама толтырады және кей банктердің өкілдерімен сұхбат жүргізіледі.

Көптеген сұраққа жауап беру үшін мына жауаптардың бірі қолданылады:

-1 = айтарлықтай төмендеді / қатаңдады

-0,5 = сәл төмендеді / сәл қатаңдады

0 = бұрынғы деңгейде қалды

0,5 = сәл артты / сәл жеңілдеді

1 = айтарлықтай артты / айтарлықтай жеңілдеді


2018 жылғы 1-тоқсанға дейін зерттеу нәтижелері қарапайым орташа тәсілмен есептеліп, таза процент өзгерісі (ТПӨ) ретінде ұсынылатын. Бұл – параметрдің артқанын (жеңілдегенін) көрсеткен респонденттердің үлесі мен оның азайғанын (қатаңдағанын) көрсеткен респонденттердің үлесі арасындағы айырма.

2018 жылғы 1-тоқсаннан бастап нәтижелер әр банктің кредит нарығы сегментіндегі үлесін ескере отырып, ТПӨ түрінде есептеледі. Бұл көрсеткіштің мәні -100%-дан (барлық банктер «айтарлықтай төмендеді/қатаңдады» деп жауап берсе) +100%-ға дейін (барлығы «айтарлықтай артты/жеңілдеді» деп жауап берсе) өзгере алады.

Бұл көрсеткіш оң болса – өсімді (жеңілдеуді), ал теріс болса, төмендеуді (қатаңдауды) білдіреді. Сонымен қатар, таза процент өзгерісі – көрсеткіші параметрдің нақты көлемін емес, тек өзгеріс болған-болмағанын көрсетеді.

Сондай-ақ 2018 жылғы 1-тоқсаннан бастап, сауалнамада қойылатын және мақұлданған кредиттік өтінімдер туралы сұрақтар (№21, 22, 23 сұрақтар) енгізілді. Жалпы өтінімдер санына мақұлданған, бас тартылған және зерттеу жүргізу кезінде қаралып жатқан өтінімдер кіреді.


1-сурет. Кәсіпкерлік субъектілерінің кредит ресурстарына деген сұранысы



(а) №1 сұрақ: Кейінгі 3 айда кәсіпкерлік субъектілерінің кредитке деген сұранысы қалай өзгерді (маусымдық ауытқуларды есепке алмағанда)? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда кәсіпкерлердің кредитке деген сұранысы қалай өзгереді?

(б) Таза пайыздық өзгерістің оң мәні кәсіпкерлердің кредит ресурстарына деген сұранысы өскенін білдіреді.

2-сурет. Корпоративтік секторды кредиттеу шарттары




(а) №5 сұрақ: Кейінгі 3 айда кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?

(б) Таза процент өзгерісінің оң мәні кредиттеу шарттары жеңілдегенін білдіреді.

Таза процент өзгерісі


3-сурет. Кредиттеудің кейбір шарттары



- (а) №7 сұрақ: Кейінгі 3 айда төменде берілген кәсіпкерлік субъектілеріне арналған кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?  
 (б) Таза процент өзгерісінің оң мәні кредиттеу шарттары жеңілдегенін білдіреді.

4-сурет. Кредит сыйақысы мөлшерлемелері

Таза процент өзгерісі




(а) №8 сұрақ: Кейінгі 3 айда кредит бойынша сыйақы мөлшерлемелері қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл мөлшерлемелер қалай өзгереді?

(б) Таза кредит өзгерісінің оң мәні корпоративтік секторға берілетін кредит сыйақысының мөлшерлемесі төмендегенін білдіреді.

5-сурет. Жеке тұлғалардың кредит ресурстарына деген сұранысы

Таза процент өзгерісі




(а) №9 сұрақ: Кейінгі 3 айда жеке тұлғалардың кредитке деген сұранысы қалай өзгерді (маусымдық ауытқуларды есепке алмағанда)? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда жеке тұлғалардың кредитке деген сұранысы қалай өзгереді?

(б) Таза процент өзгерісінің оң мәні жеке тұлғалардың кредит ресурстарына деген сұранысы өскенін білдіреді.

6-сурет. Жеке тұлғаларға кредит беру шарттары

Таза процент өзгерісі




(а) №13 сұрақ: Кейінгі 3 айда жеке тұлғаларды кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?

(б) Таза процент өзгерісінің оң мәні кредит шарттарының жеңілдегенін білдіреді.

7-сурет. Ипотекалық кредиттеу шарттары


Таза процент өзгерісі



(a) №16 сұрақ: Кейінгі 3 айда төменде көрсетілген ипотекалық кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?

(б) Таза процент өзгерісінің оң мәні ипотекалық кредиттеу шарттарының жеңілдегенін білдіреді.


8-сурет. Тұтынушылық кредитін беру шарттары



- (а) №13 сұрақ: Кейінгі 3 айда жеке тұлғаларды кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл шарттар қалай өзгереді?
- (б) №17 сұрақ: Кейінгі 3 айда төменде көрсетілген тұтынушылық кредиттеу шарттары қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 ай ішінде бұл шарттар қалай өзгереді?
- (в) Таза процент өзгерісінің оң мәні тұтынушылық кредиттеу шарттарының жеңілдегенін білдіреді.

## 9-сурет. Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері

Таза процент өзгерісі



(а) №13 сұрақ: Кейінгі 3 айда жеке тұлғаларға арналған кредиттің сыйақы мөлшерлемесі қалай өзгерді? Сіздің ойыңызша, алдағы 3 айда бұл мөлшерлемелер қалай өзгереді?

(б) Таза пайыздық өзгерістің оң мәні жеке тұлғаларға берілетін кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесінің төмендегенін білдіреді.